

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 20 қаңтар N 55. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 тамыздағы № 502 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.08.2018 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 23, 288-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге рұқсат беру шарттары мен тәртібі осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 20 қаңтардағы  
N 55 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 9 маусымдағы  
N 836 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге рұқсат беру шарттары мен тәртібі**  
**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы ", 1997 жылғы 13 желтоқсандағы " Халықтың көші-қоны туралы " Заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесін және жұмыс берушілерге рұқсат беру шарттары мен тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

1) шетелдік жұмыс күші - республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші жалдайтын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота (бұдан әрі - квота) - Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілейтін республиканың экономикалық белсенді халқының санын пайызға шаққандағы шетелдік жұмыс күшінің үлесі;

3) жұмыс беруші - қызметкер еңбек қатынастарында тұратын жеке немесе заңды тұлға;

4) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) - орталық атқарушы орган жұмыс берушіге беретін, Қазақстан Республикасына квота шегінде тарту үшін шетелдік жұмыс күшінің санын анықтайтын белгіленген нысандағы құжат;

5) орталық атқарушы орган - халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган;

6) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - аймақтық деңгейде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Осы Ереженің әрекеті:

1) шетелдік заңды тұлғалар филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшылары болып жұмыс істейтін;

2) бір күнтізбелік жыл ішінде мерзімінің жиынтығы 45 күнтізбелік күннен аспайтын іссапардағы;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметімен ақшалай баламалы 50 миллион АҚШ долларынан астам инвестициялар сомасына келісім-шарттар жасасқан ұйымдардың бірінші басшылары және бас менеджерлері және қызметтің басымдықты түрлерінде инвестициялық қызметті жүзеге асыратын және инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісім-шарт жасасқан Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының бірінші басшылары болып жұмыс істейтін;

4) банк сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының бірінші басшылары мен бас менеджерлері болып жұмыс істейтін;

5) Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың құрамына енеді;

6) Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары, радио мен теледидар өкілдері болып табылатын;

7) Қазақстан Республикасында тіркелген қайырымдылық және ізгілік ұйымдарда жұмыс істейтін;

8) шетелдік ұйымдарға тиесілі теңіз және өзен кемелері, әуе, темір жол және автомобиль көлігі экипаждарының мүшелері болып табылатын;

9) тиісті орталық атқарушы органдармен келісім-шарттар бойынша әртістер мен спортшылар болып жұмыс істейтін;

10) жеке кәсіпкерлер болып табылатын;

11) Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты бар;

12) босқын мәртебесі бар немесе Қазақстан Республикасының аумағында ресми саяси баспана алған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.

## **2-тарау. Квота белгілеу тәртібі**

4. Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын бірінші қазанға дейінгі мерзімде жұмыс берушілер өтініштерінің негізінде орталық атқарушы орган белгілеген нысан бойынша жұмыс берушінің алдағы жылға арналған шетелдік жұмыс күшін тартуының негіздемесін орталық атқарушы органға ұсынады.

5. Мүдделі орталық атқарушы органдар шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу жөніндегі ұсыныстарын орталық атқарушы органға ұсынуға құқылы.

6. Орталық атқарушы орган жергілікті атқарушы органдардың және мүдделі орталық атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде жыл сайын бірінші желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне республиканың еңбек рыногындағы жағдайды ескере отырып, алдағы жылға арналған квотаны белгілеу туралы нормативтік құқықтық кесімнің жобасын енгізеді.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілейді.

## **3-тарау. Рұқсат беру шарттары**

8. Бос жұмыс орындарының болуы мен уәкілетті органдарда жұмыс күшіне деген сұранысты ішкі еңбек рыногы есебінен қанағаттандыру мүмкіндігінің болмауы рұқсат беру шарттары болып табылады.

9. Орталық атқарушы орган рұқсат берген кезде ішкі еңбек рыногында тиісті ұсыныстар болған кезде тартылатын шетелдік жұмыс күшінің санын жекелеген кәсіптер мен біліктіліктер бойынша шектей алады.

10. Жұмыс беруші ішкі еңбек рыногында қызметкерлер іздестіруді:

1) бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы мәліметті уәкілетті органға жіберу;

2) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарын көрсете отырып, орталық атқарушы орган белгілейтін мерзімді басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде уәкілетті органға өтініш беруден кемінде бір ай және үш айдан аспайтын мерзімдерде бос орындар туралы хабарландыру жариялау жолымен жүзеге асырады.

11. Орталық атқарушы орган жұмыс берушіге, ішкі еңбек рыногында, оның ішінде орталық атқарушы органның web. сайты арқылы еңбек рыногының республикалық дерекқорында қызметкерлер іздестіруді ұлғайту мүмкіндігін ұсына алады.

12. Шетелдік азаматтардың мынадай санаттары:

1) шетелдік банк ұйымдары құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болып табылатындар;

2) бір мезгілде ұйымдардың құрылтайшылары және бірінші басшылары болып табылатындар;

3) Еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастық және еңбекші- көшіп келушілерді әлеуметтік қорғау туралы келісімдерінің ережелеріне сәйкес маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарында істейтіндер ішкі еңбек рыногындағы іздестіруді жүзеге асырмайды.

13. Орталық атқарушы орган рұқсат берген кезде жұмыс берушіге мынадай рұқсат санаттарына сәйкес ерекше шарттарды орындауды жүктейді:

1) бірінші санат үшін - жоғары және арнаулы орта білімі бар қазақстандық мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

2) екінші санат үшін - шетелдік азаматтарды алмастыру үшін жоғары және арнаулы орта білімі бар қазақстандық мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

3) үшінші санат үшін - шетелдік азаматтарды алмастыру үшін қазақстандық мамандарды даярлау, қазақстандық азаматтар үшін қосымша жұмыс орындарын құру.

#### **4-тарау. Рұқсат беру тәртібі**

14. Жұмыс беруші рұқсат алу үшін тиісті уәкілетті органға немесе орталық атқарушы органға жүгінеді.

15. Жұмыс беруші:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша қаржы секторындағы;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметімен Өнім бөлу туралы келісім мен басқа да шарттар жасасқан, құзыретіне инвестицияларды реттеу мен жер қойнауын пайдалану мәселелері кіретін ұйымдардағы жұмыс үшін шетелдік жұмыс күшін тартқан жағдайда тікелей орталық атқарушы органға жүгінеді.

16. Жұмыс беруші рұқсат алу үшін мынадай құжаттарды:

1) тартылатын шетелдік жұмыс күшінің санын, санатын және кәсіптер мен лауазымдардың атауын көрсете отырып, рұқсат беруге мемлекеттік немесе орыс тілдерінде орталық атқарушы орган белгілеген нысан бойынша өтінішті;

2) ішкі еңбек рыногында қызметкерлер іздестіру жөнінде жүргізілген жұмыстың растамасы мен өтініш берген қазақстандық азаматтардың арасында талап етілетін мамандардың болмауының дәлелін:

өтініш берген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде уәкілетті орган азаматтарының аймақтық дерекқорынан бос лауазымдар бойынша ұсыныстар бар екендігі туралы анықтаманы;

лауазымға қойылатын негізгі біліктілік талаптарын көрсете отырып, бос орындар туралы хабарландыруы бар мерзімді басылымның түпнұсқасын;

3) лауазымға (мамандыққа) қойылатын кәсіби даярлық деңгейі бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігіне растама мен бейіні бойынша жұмыс стажына қойылатын талаптар, сондай-ақ шетел тілдерін білу, қазіргі заманғы технологияларды қолдану ерекше машықтары мен дағдыларының болуы;

4) тартылатын шетелдік жұмыс күші санының негіздемесін;

5) жұмыс берушінің бос лауазымға қазақстандық азаматтарға уәждемелі бас тартуын ұсынады.

17. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар негізінде олар берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, шетелдік жұмыс күшінің талап етілетін санын тартудың орындылығы туралы оң немесе теріс қорытынды шығарады және осы қорытындыны ұсынылған құжаттармен бірге орталық атқарушы органға жібереді.

18. Уәкілетті орган теріс қорытындыны ішкі еңбек рыногында мамандарды іздестіру жөнінде шаралар қабылданбаған және осы Ереженің 16-тармағында көзделген құжаттар толық және тиісінше көлемде ұсынылмаған жағдайларда береді.

19. Орталық атқарушы орган:

1) уәкілетті органның қорытындысы негізінде уәкілетті органнан құжаттар түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде рұқсат беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

2) уәкілетті органды және жұмыс беруші бес жұмыс күні ішінде қабылдаған шешім туралы, рұқсат берілмеген жағдайда, себебін көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

20. Жұмыс берушіге рұқсат беруді орталық атқарушы орган жүргізеді.

Рұқсат пен өтініштің нысанын орталық атқарушы орган бекітеді.

21. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат үш санатқа бөлінеді:

1) бірінші санат - ұйымның басшы құрамын тартуға;

2) екінші санат - белгіленген тәртіппен расталған құжаттармен жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандарды тартуға;

3) үшінші санат - білікті жұмыскерлерді тартуға.

22. Рұқсатты басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды. Берілген рұқсат негізінде тартылатын шетелдік жұмыс күші басқа жұмыс берушіге жұмысқа қабылдана алмайды.

23. Жұмыс беруші рұқсатты орталық атқарушы органда оны беру туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде алуға міндетті.

## **5-тарау. Рұқсат беруден бас тарту**

24. Рұқсат беруден бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) мамандарды ішкі еңбек рыногында іздестіру жөнінде шаралар қабылданбаса және осы Ереженің 16-тармағына сәйкес көзделген құжаттар толық және тиісінше ресімделмесе;

2) белгіленген квотадан асып кеткенде.

## **6-тарау. Тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдер куәландыру тәртібі**

25. Жұмыс беруші рұқсаты болған кезде шетелдік қызметкерлермен осы Ереженің шарттарына сәйкес және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке еңбек шарттарын жасасады.

26. Жұмыс беруші рұқсат негізінде бір айдан аспайтын мерзімде тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін жасайды және оларды уәкілетті органға ұсынады. Жұмыс беруші тізіммен бірге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған жеке еңбек шартының көшірмесін береді.

27. Тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін жұмыс беруші тегін, атын және әкесінің атын, туған күні мен жылын, азаматтығын, шығатын елін, мамандығы мен білімін, Қазақстан Республикасында қолданылатын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1996 жылғы 7 қаңтардағы N 171-б/5, 1997 жылғы 4 қыркүйектегі N 146-б, 1997 жылғы 22

қазандағы N 181-б және 1998 жылғы 16 шілдедегі N 148-б бұйрықтарымен бекітілген Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, Басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына және 01-99 "Кәсіптер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышына сәйкес кәсіптер мен лауазымдардың атауын көрсете отырып бес данада жасайды.

28. Тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізіміне:

- 1) рұқсаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 2) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған аудармалары;
- 3) АҚТҚ-ға тексерілген халықаралық үлгідегі медициналық анықтамалар;
- 4) қызметкердің еңбек қызметін растайтын жұмыс беруші куәландырылған құжаттар қоса беріледі.

29. Уәкілеттік орган рұқсаттың мерзімі өткеннен кейін шетелдік жұмыс күшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс әкетуге кепілдік беретін құжаттар болған кезде, құжаттардың осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін қарағаннан кейін, олар берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші ұсынған тізімдерді куәландырады.

30. Шетелдік қызметкермен жеке еңбек шарты рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бұзылған жағдайда, уәкілетті орган жұмыс беруші қолданыстағы рұқсатқа берген сол санаттар мен біліктіліктер бойынша тартылатын шетелдік жұмыс күшінің өзгертілген тізімін куәландырады.

31. Уәкілетті орган куәландырған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олар куәландырған тізімдерді орталық атқарушы органға, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарына ұсынады.

32. Тізімдерді куәландырудан бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) құжаттарды осы Ереженің 26, 27 және 28-тармақтарына сәйкес толық және тиісінше ұсынбағанда;
- 2) тартылатын шетелдік жұмыс күші талап етілетін санат пен біліктілікке сәйкес болмағанда.

33. Тартылатын шетелдік жұмыс күшіне жұмыс берушіде рұқсат (рұқсатқа уәкілетті орган куәландырған тізімдер қоса беріледі) болған кезде визалық қолдау жүзеге асырылады.

34. Жұмыс беруші рұқсаттың мерзімі өткеннен кейін шетелдік жұмыс күшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс әкетуді қамтамасыз етеді.

## **7-тарау. Рұқсаттың мерзімін ұзарту**

35. Жұмыс берушіге рұқсаттың мерзімін ұзартуды орталық атқарушы орган рұқсаттың қолданылу мерзімі өткен жағдайларда Қазақстан Республикасы белгілеген квота шегінде жүзеге асырады.

Рұқсаттың мерзімін ұзарту бірінші санат үшін екі рет, екінші санат үшін бір рет жүзеге асырылады.

36. Рұқсатты ұзарту үшін жұмыс беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

- 1) өтінішті;
- 2) рұқсаттың түпнұсқасын;
- 3) уәкілетті орган куәландырған шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін;
- 4) рұқсат мерзімін ұзарту үшін шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін;
- 5) бұрын берілген рұқсаттың ерекше шарттарының орындалуын;
- 6) рұқсаттың мерзімін ұзарту негіздемесін жібереді.

37. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар негізінде құжаттар берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, рұқсаттың мерзімін ұзартудың орындылығы туралы қорытынды шығарады және бұл қорытындыны ұсынылған құжаттармен бірге орталық атқарушы органға жібереді.

38. Орталық атқарушы орган уәкілетті органның қорытындысы негізінде құжаттар түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды және уәкілетті орган мен жұмыс берушіге қабылданған шешім туралы бес жұмыс күні ішінде бас тартқан жағдайда себебін көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлайды.

39. Жұмыс беруші орталық атқарушы органнан Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квотаға сәйкес берілетін рұқсат алады.

40. Ұзартылған рұқсат бойынша тізімді куәландыру осы Ереженің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **8-тарау. Рұқсатты тоқтата тұру және қайтарып алу**

41. Орталық атқарушы орган рұқсаттың қолданылуын үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға немесе міндетті түрде себебін көрсете отырып қайтарып алуға құқылы.

42. Рұқсатты тоқтата тұру жұмыс берушінің осы Ережеде көзделген рұқсат берудің ерекше шарттарын бұзуына немесе орындалуына байланысты жүргізілуі мүмкін.

43. Тоқтатыла тұрған рұқсаттың қолданылуы орталық атқарушы органның шешімі бойынша анықталған тәртіп бұзушылықтар жойылғаннан кейін қайта



жаңартылады, жаңартылу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге бұл туралы жазбаша түрде хабарланады.

44. Орталық атқарушы органның рұқсатты қайтарып алуы орталық атқарушы орган рұқсаттың қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаған жағдайда жүргізіледі.

## **9-тарау. Есеп беру және осы Ереже мен рұқсат шарттарының орындалуын бақылау**

45. Жұмыс беруші тоқсан сайын рұқсат алғаннан кейін уәкілетті органға шетелдік жұмыс күшін тарту туралы және осы Ереженің 13-тармағына сәйкес ерекше шарттардың орындалуы туралы ақпарат ұсынады.

46. Уәкілетті орган орталық атқарушы органға шетелдік жұмыс күшін тарту, жұмыс берушінің рұқсаттың ерекше шарттарын орындауы жөнінде есеп береді. Есептің нысаны мен мерзімдерін орталық атқарушы орган белгілейді.

47. Осы Ереже шарттарының орындалуын бақылауды орталық атқарушы орган мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары жүзеге асырады.

## **10-тарау. Жауапкершілік**

48. Осы Ережені бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соқтырады.